

«Кәне,енді ойын ойнайық»

1.Балалардың денсаулығын,белсенділігін

нығайту,ептіліктерін,шапшаңдықтарын,батылдықтарын,күштіліктерін бақылау.

2.Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.

3.Салауатты өмір салтын насихаттау.

Түрі эстафеталық жарыс.

Өтілетін орны:Актовый зал.

Қажетті құралдар:Шарлар,орындықтар,ұсақ доптар,шығыршықтар.

Өтілу барысы:

1.Ұйымдастыру бөлімі

Нұсқаушы:

Шынықсан шымыр боласың,

Сауығып айдай толасың.

Спортты серік ете біл,

Жақсы азамат боласың.

Жеңімпаз болу онай ма,Арман болған талайға

Болсаңда ұқсап бақ,

Жарысқа түсіп қалайда.

Әуенмен спортшыларды қарсы алу.

2.Негізгі бөлім

Нұсқаушы:

Құрметті қонақтар мен жарысқа қатысушылар,жанкүйерлер бүгінгі «Кәне,енді ойын ойнайық»спорттық сайысымызға хош келдіңіздер.Көңілді жарысқа ересек топ балалары мен ертегі кейіпкерлері қатысқалы тұр.Балалар 2топтан 12бала және де қасқыр,түлкі топ жетекшілері болады.

Нұсқаушы:

Жарысқа қатысатындарды шақырамыз,

Әр таңды бақытпенен атырамыз.

Өнерді ой көгінде бақылаңыз,

Сайысқа қатысуға енді ортаға,

Жылдам да шапшан,

Спортшыларды ортаға шақырамыз.

1.Жалын –тобы.Топ басшысы Қасқыр.

2.Шымыр-тобы.Топ басшысы Түлкі.

Нұсқаушы:

Ал, құрметті халайық!

Жарысты енді көріңіздер.

Әділ қазы алқасы,

Әділ қазы алқасы,

Әділ баға беріңіздер!

Сайысты бастамас бұрын,сайысымызға әділ баға беретін әдәл қазылар алқасымен таныстырайық.

1.Балабақша меңгерушісі:Сембиева Меруерт Акимжанқызы.

2.Балабақша әдіскері:Тулибекова Сауле Талғатовна.

3.Балабақша пән мұғалімі:Исаева Алма.

Нұсқаушы:

Таза ауа,спорт болсын дәріміз,

Еңбек етіп келгенінше әліміз.

«Алға»-деген бір*ақ мақсат ұстанып,

Сайысқа аттанайық бәріміз!

Спорттық сайысымыз 5балдық жүйемен бағаланады.

Әр топ төмендегі турлар бойынша сайысқа түседі.

1-Өз тобынды таныстыр.

2-Пингвиндер.

3-Көңілді эстафета.

4-Қиын жолдар.

5-Көңілді доптар.

Әр кезеңнен кейін әділқазылар өз бағаларын береді.

Нұсқаушы:

Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар!

Сайысымызды бастаймыз.

Өнер қуып топ өтер дейміз,

Бір басына өнері жетер дейміз.

Сайысқа келген топтар кезектесіп,

Таныстырып өздерін кетер дейміз.

Нұсқаушы:

1-тур: «Өз тобынды таныстыр»

Олай болса ортаға «Жалын», «Шымыр» топтарын ортаға шақырамыз.

«Жалын» тобы.

Таныстыру: Жалындаймыз, жанамыз,

Біз спортшы боламыз!

Әрқашан біз мықтымыз,

Бәрін жеңіп шығамыз.

«Шымыр» тобы.

Таныстыру: Шыңықсан шымыр боласың,

Сауығып айдай толасың.

Спортты серік ете біл,

Жақсы азамат боласың.

Әділ қазыларға сөз береміз!

Нұсқаушы:

Ойнайық, ойнайықта та ойлайық!

Қатарда артта қалып қоймайық,

Белсенді болайық ортада,

Уақытты тектен-тек жоймайық!

Олай болса екінші түрды бастайық.

2-тур: «Пингвиндер»

Ойын шарты: Топ мүшелері шарды екі аяқ ортасына қысып, мәреге дейін секіріп қайтады.

3-тур: «Түрлі түсті доптар»

Ойын шарты: Топ мүшесі бір шеңберден екінші шеңберге ұсақ доптарды толтырады.

4-тур: «Қиын жолдар»

Ойын шарты: Топ мүшесі түрлі кедергілерден өтеді, шеңберден аттап өту, орындық үстімен сырғанау, шеңбер астымен өту.

5-тур: «Көңілді доптар.

Ойын шарты: Топ мүшесі шеңберге доптарды лақтырады»

3. Қорытынды бөлім.

Нұсқаушы:

Жарыс заңы ежелден-

Жеңімпазды анықтау.

Жеңімпаз болу шарты сол-

Еңбектену жалықпау.

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады.

Жеңілгендер реңжімей, Тараса бізге жарады, - демекші, сайысымыздың жеңімпаздарын анықтайтын уақыт келіп жетті. Ендеше, барша

тұрдыңқорытынды бағасын есептеп шығарып,марапаттау сөз әділқазылар алқасына беріледі.

Әділқазылар алқасының шешімі дайын болғанша барлығымыз «Көңілді жаттығу»Биін билейік.

Жеңімпазды марапаттау.

Нұсқаушы:

Құрметті ұстазым!

Бір тілек айтарымыз,

Берекелі заман болсын,

Балаларымыз амн болсын

Ашық аспан астында,

Денсаулығымыз мықты болсын!

Жнұяларыңыз қуанышқа толсын!

Бүгінгі «Кәне, енді ойын ойнайық»жарысын осымен аяқтаймыз!

Қатысқандарыңызға көп-көп рахмет!

Жақсылықта,амандақта жүздескенше!!!Сау болыңыздар!...

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

-----**М.Сембиева**

«Кәне енді ойын ойнайық»

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Меркебаева А.





